

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнаманы соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы" 2004 жылғы 26 қарашадағы N 18 нормативтік қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 16 қаңтардағы N 1 нормативтік қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 3 нормативтік қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 24.12.2014 N 3 Нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне соттылықтың ара-жігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы **қаулы етеді:**

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнаманы соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы" 2004 жылғы 26 қарашадағы N 18 нормативтік қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

21-тармақтың үшінші абзацы мына редакцияда жазылсын:

"Облыстық және оған теңестірілген соттың қадағалау алқасының қаулысы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының және оның орынбасарларының наразылығы бойынша қайта қаралуы мүмкін."

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына енгізіледі, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ол ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының Төрағасы  
Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының судьясы,  
жалпы отырыс хатшысы